



Кушмурзин Б.
Қостанай қ.,
С.Мәуленов атындағы
гимназия директоры

Негізгі сөздер: ҚР Президенті. Ата Заң. Жолдау. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Патриот. «Мәңгілік ел». Қазақстан Республикасы. Мемлекеттік рәміздер. Тәуелсіз Қазақстан.

Ключевые слова: Президент РК. Конституция. Послание. «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Патриот. «Мәңгілік ел». Республика Казахстан. Государственные символы. Независимый Казахстан.

Keywords: The President of Republic Kazakhstan. The Constitution. The Message. "Kazakhstan way-2050: a common goal, common interests and a common future". Patriot. The republic of Kazakhstan. Government symbols. Independent Kazakhstan.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Аңдатпа:

Мақалада патриоттық тәрбиенің қазіргі замандағы жасөспірімдерге қажет бірден-бір тәрбие құралы екендігі нақты айтылған. Қазақ халқының тәрбие жүйесінде жас ұрпақты, қоғам мүшелерін Отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп, қалыптастыру жетекшісі орын алатыны туралы қозғалған. Өйткені Отан, халық, ел, жер деген ұғым өте ауқымды. Бұған шын мәнінде адамның бүкіл болмысының қатысы бар екеніне жасқы тоқталған. Патриоттық тәрбиенің басты мақсатының Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысына, қаһарман, қайсар, жігерлі азамат тәрбиелеу екендігіне назар аударды. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаныш - сүйініштен бөле - жара қарауға болмайтыны, ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу, осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатынына назар аударылған. Бұл тәрбиенің жемісін еккен әрине, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші екені де айтылып өткен. Жалпы мақала тақырыбы өз деңгейінде ашылған.

Аннотация:

В статье говорится о современном патриотическом воспитании молодежи. Необходимо воспитывать у молодого поколения любовь к своему народу, родной земле, Родине. Большое внимание в статье уделено тому, что важно прививать молодежи чувство гордости за свою страну, воспитывать у них уважение к государственной символике, народным традициям, истории, культуре своего государства. Основная цель патриотического воспитания- формирование личности, способной защитить суверенитет и независимость Казахстана, которая будет бороться за мир и общественное согласие, стремиться собственным трудом приумножить благополучие и достоинство своей Родины. Любовь и гордость за свою

страну, за свой народ, уважение к языку и национальной истории должны передаваться из поколения к поколению. Автор статьи также отметил, что основы патриотического воспитания в детях дошкольного возраста закладывает воспитатель.

Annotation:

Patriotic bringing up is an important direction to the teenagers nurture nowadays. The main idea of this article is to bring up the feeling of love and respect to our motherland Kazakhstan by the youth. We have to pay attention to the independence, piece, freedom, people ought to esteem our national symbols, do their best in order to develop our culture and economy. Patriotic qualities appear when you are proud of your country's history, when you can speak your mother tongue, when your country seems to you the best place which you will miss all the time. And surely the first steps of bringing up these qualities are made at school. The theme of patriotic bringing up is completely revealed in this article.

*Патриоттық сезім, адамгершілік
– жеке бастың, ұлттың, Отанның мақтанышы.*

Б. Момышұлы

Қазақстан Республикасы - өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер мұғалімдер қауымы көп тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніңіз, болашақ жастар, оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата Заңын, Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы жодаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жолдауында «Біз өз құндылықтарымыз арқасында әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр» деген сөзі бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді.

Мәңгілік Ел- ата-бабаларымыз-

дың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман- тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз сол армандарды ақиқатқа айналдырып, Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Біздің алдымызда тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Сондықтан біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек.

«Әрбір қазақстандықты өз мемлекеті қамқорлықсыз қалдырмайды, ал әрбір қазақстандық өз мемлекетінің болашақ тағдыры үшін жауапты» деген ұғымды жас ұрпақ санасына түсіндіруіміз қажет. Оқушыларға өзі туған аймақтың ғана емес, кең байтақ Отанымыздың барлық қазба байлықтары, ғылымы мен ғұлама ғалымдары, өнері мен талантты өнерпаздары, спорты мен спортшылары және т.б туралы жеткізе білуіміз керек. Әрбір оқушы өз елінің тарихын танып, тұлғалардың өмірбаяндары мен өнегелі істерін біліп өсуі тиіс. Олардың санасында «Менің елімнің тарихы – Менің тарихым» деген

түсінік қалыптасуы керек. Патриоттық тәрбиенің күретаымыры Күлтегін, Тоныкөк, XVI – XVIII ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Наурызбай т.б. батырлар ісінен бастау алады. Елін, жерін шетел шапқыншыларынан қорғауда, ерен ерлігі аңызға айналған, өлең-жыр толғаулар дастандарға арқау болған Қобыланды, Ер Тарғын, Абылай, Райымбек, Сырым т.б сияқты батырлардың тәрбиешісі де – қазақ халқы. Жиырмасыншы ғасырдың кешегі кеңестік замандағы әр түрлі соғыстардың батырлары: А. Иманов, Т. Тоқтаров, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова және тағы басқалардың ерен ерлік іс – қимылдары да өлең – жыр, дастанға айналып, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің бірден – бір құралы болады.

Патриоттық тәрбиенің басты мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысына, қаһарман, қайсар, жігерлі азамат тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп – ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-

ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді.

«Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді». Патриоттық тәрбие жүйесінде мына бағыттарды анықтауға болады:

- рухани адамгершілік
- тарихи - өлкелік -«Шежіре»
- азаматтық-патриоттық тәрбие.

Бұл бағыт құқықтық мәдениет, заңгерлік, саяси және құқықтық өзгерістер, мемлекетпен қоғамдағы өзгерістер, заң орындау, қызмет ету арқылы ықпал етеді.

- әлеуметтік –патриоттық. Рухани адамгершілік және мәдени тарихи байланысқа бағытталып, үлкен кісілер сыйластық сезімдері.

- әскери –патриоттық. Балалар бойындағы үлкен патриоттық сезімді, Отан сүйіспеншілікті, оны қорғауға, әскери дәстүрді, әскери тарихты қалыптастыру.

- спорттық-патриотизмді дене спорты және дене шынықтыру сабақтары арқылы шыдамдылыққа, ерлікке, тәртіптілікке бағытталған.

Атап айтатын болсам, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыруды ең тиімді жол деп ойлаймыз. Жылдың басынан-ақ алғашқы сынып сағаттары да «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында жүргізілді. Гимназияда осы бағытта іс-шаралар апта сайын өтіліп тұрады. Жұмыс барысында патриоттық азаматтық сананы қалыптастыру барысында «Менің елім Қазақстан», «Қостанай алыптары», «Ұлы тұлғалар –ұрпақ есінде» т.б. көптеген тақырыптарда сынып сағаттары өт-

кізіледі сонымен қатар, дөңгелек үстел, пікірталас және семинарлар өтіледі. Осы биылғы жылдың қаңтар айында «Тарих қадамдары» атты зеректік ойындар өтілді. Сол сияқты «Елдің өткеніне саяхат» атты сынып сағаттары өтілді. «Ел рәміздерімен таныс болайық», Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай «Н.Ә.Назарбаев – тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы» деген тақырыпта, Мемлекетіміздің тәуелсіздік мерекесіне орай «Қазақтың бағы да, байлығы да тәуелсіздік» деген тақырыпта үлгілі тәрбие сағаттары мен іс-шаралар өтті. Бұл шараларда оқушылар рәміздердің шығу тарихымен танысты, Тұңғыш Президенттің өсу жолдары мен өмірінен сөз-жұмбақтар құрастырып, тәуелсіздіктің орнау тарихына көз жүгірте отырып, ел болашағы өз қолдарында екенін түсініп, ұлтжандылық қасиеттерінің қалыптасуына ықпалы тиді. Ел тірегі бірлікте екенін ұғындыру мақсатында «Әрбір халық мейірімділікті насихаттайды» деген тақырыпта өткен тәрбие сағаты да оқушыларды рухани, азаматтық тәрбиені терең түсінуіне жол ашты. Биылғы жылдың желтоқсан айында өткізілген қалалық «Менің Қазақстаным» атты патриоттық әндер сайысында 11-сынып түлегі Бибігүл Ахметова 1-орынды қанжығасына байлады. Мектептегі тәрбие жұмысында өткізілетін түрлі кештер, «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы, зияткерлік ойындар, тренингтер, пікірсайыстар, дөңгелек үстелдер мұғалімдердің жоспарынан тыс қалмайды. Әр мұғалім қызықты етіп, оқушы талғамына, жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлап өткізеді. Оқушыларымыз үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсете біледі. Ол біріншіден отбасындағы тәрбие ата-анадан болса, екіншіден ұстамды болуға үйрететін ұс-

таздарынан десем артық айтпағандығым. Ұстаздарының еңбегін оқуда да, өнерде, спортта да ақтап жүрген оқушыларымыз аз емес. Дене шынықтыру мұғалімдері баскетбол, волейбол сынды жарыстарды үздіксіз ұйымдастырып тұрады. Оқушыларымыз бұл ойын түрлерінен қалалық, облыстық байқауларды жүлделі орындарды иеленуде. Бұлда болса олардың бойындағы патриоттық сананың алдыңғы орында тұрғандығы, намысын жоғары қойғаны. Сонымен қоса, гимназия ішіндегі үйірме жұмыстарының да баланың патриоттық тәрбиесіне қостаны үлесі мол. Оқушылар 15-ке жуық үйірмелерге қатысады. Балаға рухани адамгершілік тәрбие берудің бір бағыты мектептегі үйірме жұмыстары болып та табылады. Әр түрлі үйірмелерде баланың шығармашылығын дамыту арқылы оның өзіне деген сенімділігі пайда болады. Өз-өзіне сенімді адамның қашан дарухы биік, адамгершілігі мол болады деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Серік Шалов «Егемен Қазақстан» газеті. Отанға деген сүйіспеншілік. Ол неден басталады? 15.10.2008ж.
2. Нәзира Жәрімбетова «Егемен Қазақстан» газеті. 19.08.2009ж.
3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі – 2005 - №9 – 7 - 9 бет.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. «Егемен Қазақстан» газеті. 18.01.2014 ж. №11